

БЖБ 1
«Қалың елім, қазағым» бөлімі бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары

1-нұсқа

Оқылатын шығарма	Абай Құнанбайұлы «Сегіз аяқ» өлеңі
Оқу мақсаты	10.2.3.1 шығармадағы көркемдегіш құралдардың орны мен қызметін талдау 10.3.3.1 шығарманың идеясын адамгершілік құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу.
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> ✓ көркемдегіш құралдардың орнын, қолданылу мақсатын анықтайды; ✓ адамгершілік құндылық тұрғысынан шығарманың идеясын талдап, эссе жазады.
Ойлау дағдысының деңгейлері	Қолдану
Орындау уақыты	15-20 минут

1-тапсырма. Абай Құнанбайұлының «Сегіз аяқ» өлеңіндегі құбылту мен айшықтау түрлеріне өлеңнен мысал келтіріңіз, қолданудағы мақсатына талдау жасаңыз.

Көркемдегіш құрал	Өлеңнен мысал	Қолданудағы мақсаты
Метафора		
Метонимия		
Синекдоха		
Арнау		
Қайталау		

2-тапсырма. «Сегіз аяқ» өлеңінен берілген терең мағыналы сөздердің түрін анықтап, автор шеберлігіне талдау жасаңыз.

Өлеңнен мысал	Терең мағыналы сөз	Автор шеберлігі
----------------------	---------------------------	------------------------

		Терең мағыналы сөздерді табады;	1
		Анықтама береді.	1
Адамгершілік құндылық тұрғысынан шығарманың идеясын анықтап, эссе жазады.	3	Өсиет-ақыл сөздерінің маңызын анықтайды;	1
		Шығармадан аргумент келтіреді;	1
		Өсиет-ақыл сөздерді адамгершілік құндылық тұрғысынан талдап, эссе жазады.	1
Барлығы			10

«Қалың елім, қазағым» бөлімі бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары

2-нұсқа

Оқылатын шығарма	Абай Құнанбайұлы «Сегіз аяқ» өлеңі
Оқу мақсаты	10.2.3.1 шығармадағы көркемдегіш құралдардың орны мен қызметін талдау 10.3.3.1 шығарманың идеясын адамгершілік құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу.
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> ✓ көркемдегіш құралдардың орнын, қолданылу мақсатын анықтайды; ✓ адамгершілік құндылық тұрғысынан шығарманың идеясын талдап, эссе жазады.
Ойлау дағдысының деңгейлері	Қолдану
Орындау уақыты	15-20 минут

1-тапсырма. Абай Құнанбайұлының «Сегіз аяқ» өлеңіндегі құбылту мен айшықтаудың түрлерін табыңыз. Олардың қызметін анықтаңыз.

Көркемдегіш құрал	Құбылту мен айшықтау түрлеріне мысалдар	Қолданудағы мақсаты
Троп түрлері		
Айшықтаудың түрлері		

2-тапсырма. Ақынның «Сегіз аяқ» өлеңінен берілген мысалдар арқылы көркемдегіш құралды ажыратып, анықтама беріңіз.

Өлеңнен мысал	Көркемдегіш құрал	Анықтама
Толғауы тоқсан қызыл тіл, Сөйлеймін десең өзің біл?		
Қайнайды қаның, Ашиды жаның...		
Болмасын кекшіл, Болсайшы көпшіл, Жан аямай кәсіп қыл.		
Білгенге жол бос, Болсайшы қол бос...		

3-тапсырма. А.Құнанбайұлының «Сегіз аяқ» өлеңінің идеясын анықтап, оларды адамгершілік құндылықтар тұрғысынан маңызын талдап, көлемі 80-90 сөзден тұратын эссе жазыңыз.

Бағалау критерийі	Тапсырма	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Көркемдегіш құралдардың орнын, қолданылу мақсатын анықтайды.	1	Құбылтудың түрлерін анықтайды;	1
		Айшықтаудың түрлерін анықтайды;	1
		Көркемдегіш құралдың қолданылуын көтерілген мәселемен байланыстырады;	1
		Көркемдегіш құралдың қолданылуын авторлық мақсатпен, негізгі идеямен байланыстырады.	1
	2	Көркемдегіш құралдарды ажыратады;	1
		Көркемдегіш құралдарды анықтайды;	1
		Анықтама береді.	1
Адамгершілік құндылық тұрғысынан шығарманың идеясын анықтап, эссе жазады.	3	Шығарманың идеясын анықтайды;	1
		Шығармадан аргумент келтіреді;	1
		негізгі идеяны адамгершілік құндылық тұрғысынан маңызын талдап, эссе жазады.	1
Барлығы			10

Қазақ әдебиеті

БЖБ 2

10-сынып.

«Қалың елім, қазағым» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Оқу мақсаты

10.3.2.1 көркем шығармадағы көтерілген мәселелерге сыни баға беру

Бағалау критерийі

Білім алушы

☐ Шығармада көтерілген

жаңашылдығына баға береді мәселесі

Ойлау дағдыларының деңгейі

Жоғары деңгей дағдылары

Орындау уақыты

20 минут

Тапсырма

1. Қарасөз дегеніміз не? Қарасөздің ерекшелігі неде?

2. А.Құнанбаевтың қарасөздеріндегі көтерілген мәселерді анықтаңыз.

№	Он жетінші қара сөзі	Отыз екінші қарасөзі
1		
2		

3._____« Абайдың қарасөздері» тақырыбында әдеби сын жазыңдар.

Бағалау критерийі	№ тапсырма	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Шығармада көтерілген мәселені анықтап, Әдеби сын жазады	1	Қарасөзге анықтама береді	2
		Қарасөздің ерекшелігін біледі	2
	2	Қарасөзде көтерілген мәселені анықтайды	2

	3	Әдеби сын жазады	3
Барлығы			9

10 « » сынып. ТЖБ1 Аты-жөні:

**«Қазақ әдебиеті» пәнінен 1-тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары
1-нұсқа**

1. «Әжесі Зере мен анасы Ұлжанның аузынан естіген ертегі-аңыздар – Абай сусындаған халық әдебиетінің алғашқы үлгілері», - деген пікірдің авторы.

- А) М. Әуезов
- В) М.Дулатұлы
- С) М.Мырзаахметұлы
- Д) С.Қирабаев

[1]

2. А.Құнанбайұлының 1889 жылы жазылған өлеңі.

- А) Жасымда ғылым бар деп ескермедім
- В) Жаздүгіні шілде болғанда
- С) Қыс
- Д) Сегіз аяқ

[1]

3. «Сегіз аяқ» өлеңінің тақырыбы

- А) алауыздық туралы
- В) әлеуметтік мәселелер
- С) жалқаулық туралы
- Д) надандық туралы

[1]

4. А.Құнанбайұлы «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» өлеңінде сынға алған мәселелерді анықтаңыз.

- А) ел ішіндегі билерді
- В) жақсы мен жаманды
- С) қоғамның ұнамсыз іс-әрекетін, мінез-құлқын, кемшілігін
- Д) ұлттық мінезді

[1]

5. Абай Құнанбайұлының «Сегіз аяқ» өлеңін сәйкестендіріңіз.

1. Басында ми жоқ, Өзінде ой жоқ	А) Атадан бала ойы өзге
2. Пайдасыз ақыл, Байлаусыз тақыл,	В) Күлкішіл кердең наданның.
3. Жұмыссыз сандал, Еріксіз малды ал,	С) Сырласың сырт айналар
4. Бауырына тартқан, Сырыңды айтқан,	Д) Деген кім бар сендерге?

А) 1. А., 2. В., 3. С., 4. Д.

- В) 1. В., 2. Д., 3. А., 4. С.
С) 1. С., 2. В., 3. Д., 4. С.
Д) 1. В., 2. А., 3. Д., 4. С.

[1]

2-бөлім

6. Ақынның «Қайнайды қаның, ашиды жаның» деуінің себебін 5-6 сөйлеммен талдап жазыңыз.

[3]

7. Ақын «Менің де күнім күн емес» деп қапалануының себебін талдап жазыңыз.

[3]

8. А.Құнанбайұлының «Сегіз аяқ» өлеңінде мақалға айналып кеткен өлең жолдарын дәлелдеп жазыңыз.

[3]

9. Ақын «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» өлеңінде халқының мінез-кұлқына, түр-сипатына баға беруінің себебін 5-6 сөйлеммен дәлелді түрде жазыңыз.

[3]

10. «Он тоғызынша қарасөзіндегі» толық адам бейнесін талдап жазыңыз.

[3]

3-бөлім

11. Берілген тақырыптардың бірін тандап, әдеби эссе жазыңыз. Шығармалардың идеясын ғаламдық тұрғыдан талдаңыз.

[10]

1. А.Құнанбайұлының «Сегіз аяқ» өлеңіндегі көтерілген мәселелер бүгінгі күн тұрғысынан маңызды ма? Өз ойыңызды талдап жазыңыз.

2. А.Құнанбайұлының «Отыз екінші қарасөзіндегі» мәселелердің қайсысы бүгінгі күнде ең өзекті деп ойлайсыздар? Бүгінгі күнмен байланыстырып, ойыңызды дәлелдеп жазыңыз.

3. «Масғұт – адамгершілік күрескері» тақырыбында әдеби эссе жазыңыз.

Барлығы: 30 балл.

1 Балл қою кестесі

№	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
1	Д	1	5
2	Д	1	
3	В	1	
4	С	1	
5	Д	1	
6	Өз ойын талдап жазады	3	15
7	Сюжеттік-композициялық талдау жасайды.	3	
8	Сипатын дәлелдеп жазады.	3	
9	Нақты дәлелдер арқылы өз көзқарасын білдіреді.	3	
10	Толық адам бейнесін талдап жазады.	3	
11	Тақырыпты ашады.	1	10
	өз ойын,көзқарасын білдіреді.	1	
	шығарма идеясын ғаламдық тұрғыдан талдайды;	2	
	пікіріне дәлел келтіреді;	1	
	өз ұсынысын, қорытынды шешімін жаза алады;	2	
	стильге сай жазады;	2	
	эссе құрылымын сақтайды.	1	
	Барлығы	30	

10 « » сынып. ТЖБ1 Аты-жөні:

**«Қазақ әдебиеті» пәнінен 1-тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары
2-нұсқа**

1. «Сегіз аяқ» - қазақ өлеңіне Абай қосқан шумақтың үлгісі. Бұл өлеңнің әр шумағы сегіз жолдан тұрады. Өлеңнің ырғақтық құрылысы да өзгеше» - деген пікірдің авторы

- А) А.Байтұрсынов
- В) З.Ахметов
- С) М.Дулатов
- Д)М.Мырзаахметұлы

[1]

2. А.Құнанбайұлының 5 буынды тармақтар мен 7-8 буынды тармақтардың жүйелі үйлесіп, араласуынан түзілген өлеңін анықтаңыз.

- А) «Ғылым таппай мақтанба»
- В) «Жаздүгіні шілде болғанда»
- С) «Қыс»
- Д)«Сегіз аяқ»

[1]

3. «Лай суға май бітпес қой өткенге» өлеңі лириканың қай түріне жататынын табыңыз.

- А) махаббат лирикасы
- В) саяси лирика
- С) табиғат лирика
- Д)философиялық лирика

[1]

4. А.Құнанбайұлының «Лай суға май бітпес қой өткенге» өлеңі қай жылы жазылған

- А)1885 ж.
- В) 1891 ж.
- С) 1895 ж.
- Д)1897 ж.

[1]

5. Абай Құнанбайұлының «Сегіз аяқ» өлеңін сәйкестендіріңіз.

1. Қайнайды қаның, Ашиды жаның...	А) Үйреніп, ойлап, мал ізде.
2. Егіннің ебін, Сауданың тегін ...	В) Мінездерін көргенде
3. Ғылымды іздеп,	С) Жалғыздық көрер жерім жоқ

Дүниені көздеп	
4. Атадан алтау, Анадан төртеу ,	Д) Екі жаққа үңілдім

- А)1.А., 2.В., 3.С., 4.Д
В)1.В., 2.Д.,3.А., 4.С
С)1.В., 2.А., 3.Д., 4.С
Д)1.А.,2.В., 3.Д., 4.С

[1]

2-бөлім

6. Ақынның «Жалғыз қалдым – тап шыным» деуінің себебін 5-6 сөйлеммен талдап жазыңыз.

[3]

7. Ақын «Қорлықпен өткен кү өмір» деп қапалануының себебін талдап жазыңыз.

[3]

8.А.Құнанбайұлының «Сегіз аяқ» өлеңінде ақыл сөздерге айналып кеткен өлең жолдарын дәлелдеп жазыңыз.

[3]

9. Ақын «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» өлеңінде халқының мінез-құлқына, түр-сипатына баға беруінің себебін 5-6 сөйлеммен дәлелді түрде жазыңыз.

[3]

10. «Отыз екінші қарасөзіндегі» талаптың шарттарын талдап жазыңыз.

[3]

3-бөлім

11.Берілген тақырыптардың бірін таңдап, әдеби эссе жазыңыз. Шығармалардың идеясын ғаламдық тұрғыдан талдаңыз.

[10]

1. А.Құнанбайұлының «Сегіз аяқ» өлеңіндегі көтерілген мәселелер бүгінгі күн тұрғысынан маңызды ма? Өз ойыңызды талдап жазыңыз.
2. А.Құнанбайұлының «Отыз екінші қарасөзіндегі» мәселелердің қайсысы бүгінгі күнде ең өзекті деп ойлайсыздар? Бүгінгі күнмен байланыстырып , ойыңызды дәлелдеп жазыңыз.

Барлығы: 30 балл

2 Балл қою кестесі

№	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
1	В	1	5
2	Д	1	
3	Д	1	
4	С	1	
5	С	1	
6	Өз ойын талдап жазады	3	15
7	Сюжеттік-композициялық талдау жасайды.	3	
8	Сипатын дәлелдеп жазады.	3	
9	Нақты дәлелдер арқылы өз көзқарасын білдіреді.	3	
10	Толық адам бейнесін талдап жазады.	3	
11	Тақырыпты ашады.	1	10
	Өз ойын,көзқарасын білдіреді.	1	
	шығарма идеясын ғаламдық тұрғыдан талдайды;	2	
	пікіріне дәлел келтіреді;	1	
	өз ұсынысын, қорытынды шешімін жаза алады	2	
	Стильге сай жазады	2	
	Эссе құрылымын сақтайды	1	
	Барлығы	30	

Пән: Қазақ тілі мен әдебиеті

Сыныбы: 10-сынып

Бөлім: «Еңбек нарығы және сұраныс». Балғабек Қыдырбекұлы

«Теміржолшы»

Сөйлеу әрекетінің Түрлері	Оқылым Жазылым
Оқу мақсаты	10.3.3.1 мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды анықтай отырып, факті мен көзқарасты ажырату, мәтін идеясымен байланысын анықтау 10.4.1.1 публицистикалық стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, интервью жазу
Бағалау критерийі	• Негізгі және қосымша ақпаратты, факті мен көзқарасты ажыратады. • стильдік ерекшелігін сақтап интервью жазады.
Ойлау дағдыларының деңгейі	Түсіну Қолдану
Орындалу уақыты	20 мин

Тапсырмалар

Мәтінді оқыңыз. Төмендегі тапсырмаларды орындаңыз.

«Ел қанаты» қоғамдық қоры президенті Асланбек Жақыптың айтуынша, олар алдымен әртүрлі компания басшылары, жеке кәсіпкерлер – барлығы екі мыңнан аса жұмыс беруші арасында еліміздегі кадр тапшылығы жөнінде сауалнама жүргізген. Сауалнамаға қатысушылардың басым бөлігі астаналықтар болыпты. Респонденттердің 50,6 пайызы елімізде мамандар тапшылығы жоқ деп есептейді екен. Бірақ, 32,6 пайызының пікірі керісінше.

Жұмыс берушілердің пікірінше, елімізде ең қат болып отырған мамандар – инженерлер (13,8 пайыз) мен дәрігерлер (12,8 пайыз). Содан кейін құрылысшылар, бағдарламашылар, мұғалімдер мен оқытушылар екен.

Ал, «Оқу орындарында даярланып шығатын түлектердің кәсіби білімі қазіргі экономика талаптарына сай ма?» деген сауалға 44,5 пайызы «көп жағдайда сәйкес келе бермейді» деп жауап берген. «Сондықтан мамандар даярлау сапасына оқу орындары

айрықша көңіл бөлуге тиіс» дейді журналистермен өткен баспасөз мәслихатында «Кәсіпқор холдингі» ҰАҚ студенттермен жұмыс жөніндегі департаментінің директоры Тоғжан Жұмағұлова. Оның айтуынша, жұмыс берушілердің 63 пайызы түлектердің біліміне, кәсіби даярлығына көңілі толмайтын көрінеді.

Еңбек нарығындағы сұранысқа болашақ мамандардың таңдауы сәйкес келе ме? «Ел қанаты» қоғамдық қоры бұл сауалды еліміздің сегіз өңірінен 2 мыңдай респондентке көлденең тартып, арнайы сауалнама жүргізген. «Бұрынғыдай емес, бүгінде жастар еліміздің еңбек нарығына техникалық маман иелері қажет екенін түсінген секілді. Сауалнамаға қатысқан Астана мен Алматы және Қарағанды қаласындағы жоғары сынып оқушылары мен түлектердің көпшілігі техникалық саланы жөн көретінін айтыпты. Тек 6,1 пайызы ғана құқықтану мен мемлекеттік қызмет және мемлекеттік басқаруды қалайтынын жеткізген» дейді қор жетекшісі Асланбек Жақып.

Әлеуметтік сауалнама нәтижелері бекерден-бекер жүргізілген жоқ. Жиында сөз алған Білім және ғылым министрлігі жастар ісі жөніндегі комитеттің бас сарапшысы Дамир Меңдіғалиевтің айтуынша, сауалнама қорытындылары министрлік тарапынан ескерусіз қалмайды. Әсіресе, түлектердің еңбек нарығына сай сапалы маман болып шығуына министрлік ерекше көңіл бөлетін болады. \\"Астана ақшамы"газетінен\





1-тапсырма

Негізгі ақпараттар

Қосымша ақпараттар

Фактілер

Көзқарастар

Мәтін идеясына қатысты кестеге қатысты өз пікіріңді жаз

2-тапсырма

Публицистикалық стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, интервью жазыңыз.\70-80 сөз\

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Ұпай
		Білім алушы	
Мәтінді негізгі және қосымша ақпаратты табады	1	Негізі ақпаратты табады	1
		Қосымша ақпаратты табады	1
		Фактілерді жазады	1
		Көзқарастарды ажыратып жазады	1
		Кестеге қатысты өз көзқарасын жазады	1
Тақырып бойынша интервью жазады		• тақырыпқа сай интервью жазады	1
		• жанрлық ерекшелігін сақтайды	1
		• стильдік ерекшелігіне сай жазады	1
		• тілдік құралдарды пайдаланады	1
		• құрылымын сақтайды.	1
Барлық балл			10

БЖБ 2

«Отандық өнеркәсіп өнімі», «Қазақ киносы мен театрының қазіргі келбеті»

Оқу мақсаты	10.1.5.1. тақырып бойынша мәтінге жоспар құрып, әр тармақшаға қажетті негізгі және қосымша мәліметтерді жинақтап ұсыну (тірек-схема, менталды карта, презентация); 10.2.3.1. әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені талдау және кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау.
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> • Мәтінге жоспар құрып, негізгі және қосымша ақпараттар бойынша тірек-схема, менталды карта, презентация дайындайды; • Көтерілген мәселені анықтап, кейіпкерлер әрекетін шынайы өмірмен салыстырып, баға береді. Жоғары деңгей дағдылары
Ойлау дағдыларының деңгейі	
Орындау уақыты	25 минут

Тапсырма

Мәтінді оқып, төмендегі тапсырмаларды орындаңыз.

«ФудМастер» компаниясының тарихы 1995 жылдан бастау алады. Жас кәсіпкерлерді сүт өнімдерінің алуан түрі бар Қазақстанда неліктен, йогурт секілді пайдалы әрі нәрлі сүт өнімін өндірмеске деген сұрақ толғандырады. Осындай мақсатпен компания Есік қаласындағы сүт зауытын жалға алып, алғашқы боп Қазақстанда йогуртты жарыққа шығарған.

Бүгінгі күнде компанияның 16 филиалында ірі 4 зауыты және екі сүт-тауарлы фермасы бар.«ФудМастер» компаниясы Қазақстан нарығында сүт өнімдерінің арасында көшбасшы саналады.Компания отандық өндірушілер арасында ең үлкен өнім тізбегін жарыққа шығарып, халықтың ұсынысы мен талғамын барынша қанағаттандыруға тырысады.Тұтынушылар сұранысына ие болған өнімдер:айран, қаймақ,үй сүзбесі, «Дольче йогурты», «БИО-С Имун» қойылтылған сүті және т.б.

Қазіргі таңда компания зауыты 100-ге жуық атаумен сүт өнімдерін шығарады.Жыл сайын компания өнімдерінің түпжиынын жаңарта отырып, Қазақстан халқына жаңа, сапалы әрі дәмді өнімдерін ұсынады.

2004 жылдан бастап «ФудМастер» компаниясы әлемде жоғары сапалы сүт өнімдерін өндіретін, дүниежүзінің 200-ден астам мекемелерін біріктіретін халықаралық Лакталис (Франция) тобына кірген. «ФудМастер» компаниясының негізі мақсаты - Қазақстандағы сүт өнімдерін тұрақты дамытып, тұрғындарды табиғи қоспалардан жасалған, әлемдік сапа стандартына сай өнімдермен қамтамасыз ету.

(156 сөз)

<https://kk.wikipedia.org/wiki>

1. Мәтін бойынша жоспар құрыңыз.

Жоспар
1.
2.
3.
4.

2. Әр абзацтағы негізгі және қосымша ақпараттар негізінде 4 тірек-схема әзірлеңіз.

[illegible]

3. Үзіндіні оқып, төмендегі тапсырмаларды орындаңыз.

Қамажай. Қой, бала болмайық. Бізге бала болу жараспайтын секілді.

Қабен. Сен жасыңа жетпей егделікке бой ұрмасаңшы. Кәрілік қайда қашады дейсің?

Қамажай. Мен сені түсінемін. Бірақ амалым не? Үйдегі төртеуі төрт азамат болмай, өз басымның қамын ойлауға хақым жоқ. Өз жөнін тауып әке кетті, талқаны таусылып, шеше байғұс арманда ол кетті. Тағдырдың соққысынан есеңгіреген естерін енді жинап, көкіректерінен қайғы ұмыт бола бастағанда: «Не болсаң, о бол», - деп өз жөніме мен кетсем, олардың күні не болмақ? Жо-жоқ, Қабен, кешір мені. Бақытыңа кедергі болғым келмейді. Сенің жолың басқа. Інілерімнің біреуі шығып қалса, ұят болар. Сау бол. Танертең ерте жұмысқа баруым керек. Өмірімде бірінші рет (күледі). Балалардың тамағы бар, жуатын киімі бар. О-о, тірлік деген бастан асып жатыр.

Қабен. Жұмысқа өзім-ақ орналастыратын едім ғой.

Қамажай. Егер жұмысқа сен орналастырсаң, мен саған борышты боламын. Тұрмысқа шықпаймын деп айту қиын боп қалады.

Қабен. Мүмкін, әлде де ойланарсың?

Қамажай. Ойланып болғаным осы.

Қабен. Тағы күте тұрайын.

Қамажай. Жоқ, күтпей-ақ қой. Ал, сау бол. Қош. Қош!

(156 cθ3)

<http://isabekov.live/?p=483&page=9>

1. Сұрақтарға жауап беріңіз.

Үзіндіде қандай мәселе көтерілген? Сөйлемді тауып жазыңыз.	
Қамажайдың өз бақытынан бас тартуына себеп болған жағдайды сипаттаңыз.	

2.Қамажайды бүгінгі қоғамда кімдермен салыстырар едің? Кестені толтыр.

	Қамажай	Сенің кейіпкерің
Ұқсастықтары Айырмашылықтары Пікірің		

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Мәтінге жоспар құрып, негізгі және қосымша ақпараттар бойынша тірек-схема, менталды карта, презентация дайындайды.	1	Мәтіндегі әр абзацтың мазмұны бойынша жоспар құрады;	1
	2	Негізгі және қосымша ақпараттарды анықтап, тірек-схема әзірлейді;	
		1 тірек-схема	1
		2 тірек-схема	1
		3 тірек-схема	1
		4 тірек-схема	1
Көтеріңкі мәселені анықтап, кейіпкерлер әрекетін шынайы өмірмен салыстырып, баға береді.	3	- мәселе көтерілген сөйлемді тауып жазады;	1
		- Қамажайдың өз бақытынан бас тартуына себеп болған жағдайды сипаттайды;	1
		-кейіпкерді өз кейіпкерімен салыстырады;	
		-пікірін білдіреді.	1

			1
Барлық балл			9

I ТОҚСАННЫҢ ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ

I тоқсанның жиынтық бағалауына шолу

Ұзақтығы – 40 минут

Тыңдалым – 10 минут

Оқылым – 15 минут

Жазылым – 15 минут

Айтылым сабақтан тыс тексеріледі (әр білім алушыға 2 минут беріледі).

Балл саны – 30

Тапсырмалар түрлері

Қысқа жауапты қажет ететін сұрақтар

Көп таңдауы бар сұрақтар

Толық жауапты қажет ететін сұрақтар

Жиынтық бағалаудың құрылымы

Тоқсандық жиынтық бағалаудың нұсқасы 4 компоненттен тұрады. Бірінші компонент – тыңдалым, екінші компонент – оқылым, үшінші компонент – жазылым және тілдік бағдар, төртінші компонент – айтылым дағдыларын тексеруге арналған.

Тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларының сипаттамасы

тапсырма	Қамтылатын мақсаттар	Тапсырмаларға сипаттама	Тапсырма түрлері	Орындалу уақыты, мин	Балл
1	10.1.3.1 оқу-кәсіби, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени тақырыптар аясында қолданылған сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіну;	Тапсырма жеке орындалады. Оқушылар оқу-кәсіби, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени тақырыптар аясындағы 150-160 сөзден тұратын тыңдалым мәтінін 2 рет тыңдайды.	Сәйкестендіру сұрақтары	6	3
2	10.1.6.1 көтерілген мәселе бойынша әртүрлі дереккөздерден алынған мәтіндерді тыңдау және салыстыру, өз көзқарасын аргументтер негізінде дәлелдеу.	Мәтінді тыңдау барысында оқушылар терминдердің мағынасын түсінуге, мәтіндегі ақпаратқа қатысты өз көзқарасын аргументтер арқылы дәлелдей алуына бағытталған тапсырмаларды орындайды.	Қысқа жауапты қажет ететін сұрақ	4	2
3	10.3.1.1 мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды анықтай отырып, факті мен көзқарасты ажырату, мәтін идеясымен байланысын анықтау; 10.3.2.1 ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндердің (мақала, эссе, тезис, интервью, баспасөз парағы) құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық және тілдік ерекшеліктерін талдау.	Тапсырма жеке орындалады. Оқушылар тақырыпқа қатысты 150-160 сөзден тұратын ғылыми-көпшілік мәтінді оқиды. Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды анықтау, факті мен көзқарасты анықтау, мәтін идеясымен байланысын анықтауға бағытталған тапсырмаларды орындайды.	Толық жауапты қажет ететін сұрақтар	5	3
4				2	2
5				2	1
6				3	1
7				3	3
8	10.4.1.1 публицистикалық және ғылыми стильдің жанрлық және стильдік	Тапсырма жеке орындалады. Оқушылар берілген екі тапсырманың бірін таңдап, мақала жазады. Мұғалім оқушының публицистикалық стильдің жанрлық және	Жазбаша толық жауапты қажет ететін сұрақтар	15	10

	ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, шағын мақала жазу; 10.4.6.1 мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу; 10.5.1.1 тәуелдік жалғауды (оңаша және ортақ тәуелдеу) және көптік мәнді есімдер мен көптік жалғауларды ажырата танып, дұрыс қолдану; 10.5.1.2 сын есімнің жасалу жолдарын білу, мәтін құрауда орынды қолдану.	стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолдана алуын; мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жаза алуын; мәтін құрауда тәуелдік жалғауды (оңаша және ортақ тәуелдеу) және көптік мәнді есімдер мен көптік жалғауларды, сын есімдерді орынды қолдануын бағалайды.			
9	10.2.2.1 ғылыми-көпшілік және публицистикалық мәтіндерге сүйеніп, монолог және диалог құрау, сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданып, тыңдаушыға әсер ету; 10.2.3.1 сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану.	Тапсырма жұпта орындалады. Екі оқушыға ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтін ұсынылады. Оқушылар мәтінге сүйене отырып, диалог (әр оқушы диалогта 8-10 сөйлем айтуы керек) құрайды, сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданып, тыңдаушыға әсер етеді; сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктерін сөйлеу мәнеріне сай қолданады.	Ауызша толық жауапты қажет ететін сұрақтар	Айтылым сабақтан тыс тексеріледі, әр білім алушыға 2 минут уақыт беріледі.	5
Барлығы					30

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен І тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары

І нұсқа

Тыңдалым

Еңбек нарығы дегеніміз жұмыс күшін тауар ретінде сату, сатып алу туралы экономикалық қатынастар жүйесі. Еңбек нарығында кәсіпкерлер мен еңбекке қабілетті адамдар арасында белгілі бір қарым-қатынастар орнатылады. Сондықтан еңбек нарығы, бұл сұраныс пен ұсыныс механизмі арқылы белгілі бір жұмысбастылық көлемі мен еңбек ақы деңгейі анықталатын, экономикалық агенттер арасындағы бәсеке нәтижесінде қалыптасқан экономикалық орта. Өндірістік ресурстар нарығында еңбек нарығы ерекше, айқын орын алады, өйткені еңбек нарығынсыз өндіріс үдерісі болмайды, ал қоғам адамдардың еңбек қызметінен тыс дұрыс жұмыс істей алмайды. Еңбек нарығы – экономика жағдайын көрсетудің айнасы. Ол тұрғындарды жұмыспен қамту көлемі мен динамикасын, жұмыссыздықтың сала бойынша деңгейін, кәсіби-біліктілік, демографиялық және басқа да көрсеткіштердің құрылымын байқатады.

Еңбек нарығының атқаратын қызметтері қоғамдағы еңбектің ролімен анықталады: Әлеуметтік қызметі – адамдардың қалыпты табыс деңгейі мен қолайлы жағдайын қамтамасыз етумен сипатталады. Экономикалық қызметі – адамдардың еңбегін тиімді пайдалану, бөлу, реттеумен сипатталады. Ынталандыру қызметі – еңбек нарығына қатысушылар арасында бәсеке қабілеттілікті ынталандыру, жоғары тиімді еңбекке қызығушылығын арттыру, адамдардың біліктілігін жоғарылатумен сипатталады.

(149 сөз)

<http://library.wksu.kz/dmdocuments/Сағинова%20Еңбек.pdf>

1. Терминдерді анықтамасымен сәйкестендіріңіз (әр 2 дұрыс жауап үшін 1 балл).

[3]

Терминдер	Мағынасы	Сәйкестендіру бағаны
1. Әлеуметтік қызметі	А) еңбек нарығына қатысушылар арасында бәсеке қабілеттілікті ынталандыру	
2. Экономикалық қызметі	Ә) іс-қимыл жасайтын салада ұнамды нәтижеге жету үшін жүріп отыратын экономикалық жарыс	
3. Еңбек нарығы	Б) адамдардың қалыпты табыс деңгейі мен қолайлы жағдайын қамтамасыз ету	
4. Ынталандыру қызметі	В) адамдардың еңбегін тиімді пайдалану, бөлу, реттеу	

5.Сұраныс	Г) жұмыс күшін тауар ретінде сату, сатып алу туралы экономикалық қатынастар жүйесі	
6.Бәсеке	Ғ) тұтынушы белгілі бір баға мен және белгілі бір уақыт кезеңінде сатып алуға келісетін тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің көлемі, мөлшері	

2.«Еңбек нарығы – экономика жағдайын көрсетудің айнасы» деп неліктен айтылған. Ойыңызды мәтіндегі ақпараттармен дәлелдеп, 2 сөйлеммен жазыңыз.

[2]

Оқылым

«Баян Сұлу» АҚ кондитерлік өнімдердің қазақстандық өндірушілерінің көшбасшыларының бірі болып табылады. Өзінің саласына 40 жылдан асқан тәжірибесі мен жоғары іскерлік беделіне ие. Ол 1700-ден астам адамды жұмыспен қамтамасыз етеді. Жаңа жабдықтарды сатып алуға жылдық инвестициялар жылына 1,5-тен 2,0 млрд. теңгеге дейін.

Бүгінгі күні компания жылына 80 мың тоннадан астам өнім шығарады және сыртқы нарыққа шығарылатын өнім көлемінің шамамен 40% -ын құрайды. Алдағы жылдары экспорт көлемі тағы 10-15 пайызға өседі деп жоспарлануда. Экспортқа шығарылатын кондитерлік өнімдердің басым бөлігі Ресейден. Бұдан басқа, өнімдер Германия, Қытай, Украина, Тәжікстан, Түрікменстан, Қырғызстан, Әзербайжан, Армения және Грузияға жөнелтіледі.

2010 жылдан бастап кәсіпорынға Қазақстан даму банкімен жеңілдікті қаржыландыру түрінде мемлекеттік қолдау көрсетілді, технологиялық жабдықтар және оларға жинақтауыштар импортын кедендік баждар салудан босату түрінде инвестициялық преференциялар беріледі. «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасы аясында кәсіпорынға несие бойынша жылдық 7% пайыздық мөлшерлемесі қаражаттандырылды.

«Баян сұлу» конфеттері десе жұрттың көз алдына әдемілік, тіл үйретін дәм, сапа, табиғилық елестеп жүре береді. Ал экспортқа жіберілген конфеттер осы айтылғандардың елшісіндей дерсің.

(157 сөз)

<https://bayansulu.kz/kz/about/o-kompanii/>

1. Мәтіннен 1 негізгі және оны толықтыратын 2 қосымша ақпаратты анықтап, кестеге жазыңыз [3].

Негізгі ақпарат		
Қосымша ақпарат		
Қосымша ақпарат		

2. Мәтіннен 1 факті мен автор көзқарасы берілген 1 сөйлемді анықтаңыз [2].

Факт

Көзқарас _____

3. Мәтіннің идеясын 1 сөйлеммен жазыңыз.

[1]

4. Мәтін құрылымына байланысты берілген сұрақтарға жауап беріңіз. Мәтіннің құрылымдық бөліктері толық сақталған ба?

[1]

А) Мәтіннің кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдері бар, толық сақталған.

Б) Мәтінің құрылымдық бөлімдері толық емес, қорытынды бөлімі жоқ.

5. Мәтіннің жанрын анықтап, жанрлық ерекшелігін дәлелдейтін 2 аспектіні анықтаңыз.

[3]

Мәтіннің жанры		
Жанрлық ерекшелігін 1. 2. дәлелдейтін аспектілер		

Жазылым

«Қазақ киносы: кеше және бүгін» тақырыбында шағын мақала жазыңыз. Мақалада тәуелдік және көптік жалғаулары мен сын есімдерді қолданыңыз [10].

Айтылым

Жағдаят: Сіз «Қазақстанда жасалған»: акцияның бүгінгі жай-күйі» деген мақаладан үзінді оқыңыз.

[5]

Тапсырма

Мәтін мазмұны бойынша өз пікіріңізді 8-10 сөйлеммен білдіріңіз (сыныптасыңмен диалогке түсуге болады). Сөз әдебі мен сөйлеу этикетін ескеріңіз, интонацияның құрамдас бөліктерін сөйлеу мәнеріне сай қолданыңыз.

«Қазақстанда жасалған»: акцияның бүгінгі жай-күйі

Газет тілшісі «Қазақстанда жасалған» жалпыұлттық акциясының өту барысын бақылап, облыс орталығының біраз сауда нысандарында болып қайтты.

Бүгінгі сән – ұлттық бұйымдар

«City center» сауда үйіндегі «Kazakh Style» сауда нүктесінің қазақы ою-өрнегі төгілген былғары сөмкелері, түрлі көлемдегі әмияндары, белбеулері әр қазақтың назарын аударатындай әдемі-ақ екен. Сатушы өнімдердің тап-таза табиғи өнім екенін, Алматыда жасалатынын, қазақ жастары арасында ұлттық бұйымдар сәнге айнала бастағанын айтты. «Тұтынушылар бұл өнімдердің «әлемдік бренд» деп жүрген дүниелерден сапасы артық болмаса, кем түспейтінін айтып жатады. Келешекте пальто сияқты күнделікті киюге лайықталған шапандар, ұлттық киім, күміс бұйымдар, қамшы, ат әбзелдерін шығару жоспарда бар» – дейді сауда нүктесінің иесі Ғазез Есмадияров.

Еліміздің өнім шығарудан беталысы көңіл көншітерліктей. Күнделікті тұтынатын заттарымыз өз елімізден шығуда. Отандық тауарымызды көзбен көріп, қолмен ұстағанда сапаны анық сезесіз. Енді тұтынушыдан қолдау арта түссе, отандық өндіріс аяғынан тік тұрып кетер еді.

(131 сөз)

Нұрлыбек Рахманов, «Орал өңірі»

Балл қою кестесі

Тыңдалым

Сұрақ	Жауап	Балл	Жалпы балл
1	1-Б 2-В 3-Г 4-А 5-Г 6-Ө	(Әр 2 дұрыс жауап үшін 1 балл) 1 1 1	5

2	Білім алушының жауабы ескеріледі.	1	
		1	

Оқылым

Сұрақ	Жауап		Балл	Жалпы балл
3	Негізгі ақпарат	«Баян Сұлу» АҚ кондитерлік өнімдердің қазақстандық өндірушілерінің көшбасшыларының бірі болып табылады.	3 (әр жауапқа 1 балдан)	
	Қосымша ақпарат	Бүгінгі күні компания жылына 80 мың тоннадан астам өнім шығарады және сыртқы нарыққа шығарылатын өнім көлемінің шамамен 40%-ын құрайды.		
	Қосымша ақпарат	Ол 1700-ден астам адамды жұмыспен қамтамасыз етеді.		
	Білім алушының басқа да баламалы жауаптары ескеріледі.			
4	Факті үшін сандық нақты мәліметтері бар сөйлемдер ықтимал жауаптар бола алады. Мысалы: Бүгінгі күні компания жылына 80 мың тоннадан астам өнім шығарады және сыртқы нарыққа шығарылатын өнім көлемінің шамамен 40%-ын құрайды. Көзқарас: «Баян сұлу» конфеттері десе жұрттың көз алдына әдемілік, тіл үйіретін дәм, сапа, табиғилық елестеп жүре береді.		2	
5	Қазақстанның отандық өнеркәсібін дамытудағы мүмкіндігінің зор екендігін жеткізу.		1	
6	А		1	
7	Мәтіннің жанрын анықтайды		3	

Жазылым

Балл	Мазмұны мен дұрыс жазылуы (5 балл)	Тілі (5 балл)
5	Өте жақсы Жауап толық, қарапайым және күрделі идеяларды тиімді ашады. Жазба жұмысының құрылымы мен жазылуы жоғары деңгейде, негізгі және қорытынды бөлімдері нақты жазылған, келтірілген аргументтері байланысқан және мазмұнын ашады.	Өте жақсы Жазба жұмысында тәуелдік және көптік жалғауларын сөздерде орынды қолданған. сын есімдерді сөйлем мазмұнына қарай сәйкес келтіріп жазған, сөздік қоры мол, стильдік қолданысы өте дұрыс. Нақты және жүйелі, елеусіз қателері бар.
4	Жақсы Көптеген түрлі мысалдар мен сілтемелерді қолданған, қарапайым және кейбір күрделі идеяларды ашады. Жазба жұмысының логикалық дамуы жақсы, өз пікірін келтіріп, қорытынды жасай алады	Жақсы Тәуелдік және көптік жалғауларын көбіне сәйкес, орынды қолданады. Сын есімдерді сөйлемдерде қолдануға тырысады, сөздік қоры жеткілікті, стильдік қолданысы дұрыс. Жалпы нақты, елеусіз қателері ақпарат беруге кедергі келтірмейді.
3	Қанағаттанарлық Жазбада бірнеше мысалдар келтірілген, бірақ барлық жағдайда негізді емес. Қарапайым идеяларды жазғанымен, олар ашылмайды. Жазба жұмысында белгілі бір толыққанды жүйелі ой логикалық жағынан дамытылмаған.	Қанағаттанарлық Тәуелдік және көптік жалғауларын дұрыс жалғап қолданады, сын есімдерді сөйлемдерге қатыстырады, бірақ стильдік қолданысында қателіктер жібереді. Көбіне нақты, қателері бар, бірақ қандай да бір ақпаратты түсінуге болады.
2	Төмен Негізгі тақырыпты ашуға тырысады, бірақ көптеген қателіктер мен сәйкессіздіктер кетіреді, тек қарапайым идеяларды ашады. Жазба жұмысының	Төмен Сөздік қоры шектеулі, жеке сөздер мен сөз тіркестері, ішінара жай сөйлемдер жазылған. Қайталаулар көп, сөздік қоры

	құрылымы сақталмайды, идеялар дамытылмайды.	мен сын есімдердің қолданысы жеткіліксіз. Тәуелдік және көптік жалғауларын жалғауда қателер жібереді. Орфография мен негізгі грамматикалық формалар қате қолданылған, мағынасы кейде түсініксіз.
1	Өте төмен Жауап түсініксіз, тақырыпқа байланысты сілтемелер аз, сұраққа жауап бермейді. Жазба жұмысының құрылымы мен аргументтерді қолдануы төмен деңгейде, идеялары жүйесіз.	Өте төмен Тек қарапайым сөйлемдер мен шектеулі сөздік қорды қолданады, көп құрылымдары аяқталмаған және орфографиялық қателіктер жіберген. Бұл мазмұнды түсінуге қиындық келтіреді.
0	Жауап жоқ	Жауап жоқ

Айтылым

Жауап	Балл
мақаладағы мәселе төңірегінде пікірін білдіреді (жұбына сұрақ қояды);	1
пікір білдіруде (сұраққа жауап беруде) дәлелдер келтіреді, толық сөйлемдермен жауап береді;	1
диалог мазмұнында сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын қолданады;	1
тыңдаушыға әсер ететін лексикалық құрылымдарды қолданады;	1
сөйлеу кезінде қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолданады.	1
Барлығы	5